




Қазақстан Республикасында азаматтардың конституциялық құқықтарының конституциялық кепілдіктері



ОРЫНДАҒАҒАҢДАР: АМАНГЕЛЬДИНА НАЗЕРКЕ
КАМИЛ АЙНУР
НҰРҚАНАТ АНЕЛЬ
СМАҒҰЛ БІРЖАН
ТАЙМЫРЗА ЗАРИНА



Адам құқықтары мен бостандықтары (АҚБ) - жеке тұлғаның әлем қауымдастығы мойындап, халықаралық-құқықтық құжаттарда бекітілген, әлеуметтік және құқықтық тұрғыдан қамтамасыз етілген, ешкім шек қоймайтын немесе тыйым сала алмайтын құқықтары мен бостандықтары. Адамның қандай да бір игіліктерді иеленуін қамтамасыз ететін, өз еркімен іс-әрекет жасауына мүмкіндік беретін мемлекет пен бұқара арақатынасының негізгі принциптері АҚБ-на жатады. Адамзат қоғамында бұл мәселеге ежелден баса назар аударылған. Мысалы, [Аристотель](#) адам құқықтарын "*табиғи*" және "*шартты*" деп екіге бөледі. Адамның табиғи құқықтарын мемлекет орнатқан шартты құқықтардан жоғары қояды. Орта ғасырда АҚБ жасаған қайырымдылықтар, рақымшылықтар ретінде түсіндірілді.

A scroll of parchment is unrolled, showing text. To the left, a lit candle in a holder casts a warm glow. A quill pen lies horizontally across the bottom of the scroll. The background is dark with decorative scrollwork on the sides.

Өндірістік қарым-қатынастардың қарқынды даму сатысында өмір сүрген либерализм өкілдері - Т.Гоббс, Дж.Локк, Ш.Монтескье, Ж.Руссо, И.Кант, Т.Джефферсон, Т.Пейн және т.б. ойшылдар АҚБ-на баса назар аударды. Қағидалардың ең маңыздылары ретінде олар адамдардың еркін, қауіпсіз өмір сүруге, жеке меншік иеленуге тең құқықтарының болуын, халық биліктің негізгі иесі екендігін, биліктің тармақталуын, биліктің халық мүддесіне қызмет етуі керектігін атап көрсетті. Жүзеге асырылу ортасына қарай АҚБ азаматтық, саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени болып жіктеледі. Саяси және азаматтық құқықтардың қазіргі тұжырымдары БҰҰ Бас Ассамблеясының Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында ([1948](#) ж., 10 желтоқсан) баяндалған.

Қазақстан Республикасының Ата Заңы бойынша:

"1. Қазақстан Республикасында Конституцияға сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі;

2. Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олар дан ешкім айыра алмайды, заңдар мен өзге де нормативтік-құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады" (12-бап).

Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясымен басқаға жалпы мойындалған халықаралық актілерінің қағидаларын кеңінен қабылдап, қайталаған Қазақстан Республикасының 1993 жылғы тұңғыш Конституциясын қысқаша қарастырып көрейік. Ал 1995 жылғы қабылданған қолданыстағы Конституциясының адам құқықтарын қорғау аясында алдыңғы Конституциясымен сабақтастығын сақтап, оның негізгі қағидаларын, яғни адам құқықтары мен табиғи сипатын, халықаралық құқықтың жалпы жұрт мойындаған нормалары мен қағидаларының ішкі заңнамадан басымдылығын, мемлекеттің азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын қорғауға міндеттілігін және басқа да көптеген мәселелерді бекітіп, дамытты. Қазақстандағы әлеуметтік заңнаманың жүйесі мен мазмұнының дамуына қайта құру және одан кейінгі кезеңдерде бірсыпыра факторлар әсер етті.



ҚР Конституциясында тек әлеуметтік мемлекеттің ғана емес, сонымен бірге құқықтық мемлекеттің де қағидалары дамытылады. Тұңғыш рет мемлекет пен тұлғаның қарым-қатынасы сот негізінде қойылды, барлық құқықтар мен бостандықтарды сотта қорғау құқығы бекітілді, заңға мемлекеттік органдар, азаматтар мен олардың бірлестіктері араларында туындайтын барлық дауларды сот жолымен шешу қағидасы енгізілді.



Конституцияда адамның құқықтары мен бостандықтарының үлкен тізімі бекітілген. Бұл арада ҚР Конституциясында адам құқықтары мен бостандықтарының адам құқықтарының халықаралық стандарттарынан бастау алып, бекітілуінің аса маңызды факт екенін талап еткен жөн. ҚР Конституциясында бекітілген адамның құқықтары мен бостандықтары заңдардың, мемлекетті билік органдары мен олардың лауазымды тұлғаларының қызметтерінің мәнән, мазмұны мен қолданылуын белгілейді. Конституция құрамындағы бұл маңызды ережелер мемлекеттік органдардың қызметін реттейтін бөлімдердің алдында келтірілген, бұл мемлекеттің адамды, оның өмірін, құқықтары мен бостандықтарын ең жоғарғы құндылық деп санап, қоғамның оның мүдделерін мемлекеттікінен жоғары қоятынын білдіреді.

ҚР Конституциясында адам мен азаматтың азаматтық және саяси құқықтары мен бостандықтарының бекітілуінің арқасында бұл құжат адамның дербестігін, жеке-дара мүдделердің әрекет кеңістігін қорғаудың құқықтық кепіліне айналды. Мемлекет барлығын бақылаушы және барлығына қол сұғушы ұйымының ролін атқаруға ұмтылмайды. Бұл Қазақстанда азаматтық қоғам орнатудың маңызды алғышарты болып табылады. Нақ осы тұлғаның белгіленген дербестігі оның қорғалғандығы, оның белсенді әрекеті және қоғам мен мемлекеттің проблемаларын шешуге қатысу үшін жағдайлар жасау егеменді Қазақстанда азаматтық қоғам қалыптастырудың негізі болмақшы.

Жалпы алғанда ҚР Конституциясында тұлғаның еркін өздігінен дамуында көмектесетін адам құқықтыра мен бостандықтарының кең тізімі бекітілген. Бұл каталог жалпы халықаралық стандартқа сай келеді. Оның үстінде, Конституцияда бекітілген құқықтар мен бостандықтар абстракция емес, оларды қорғаудың және кепілдік берудің нақты механизмі бар. Аталған қағиданың Конституцияда бекітілуі Қазақстан Республикасының даму бағытын дұрыс таңдағанын дәлелдейді, өйткені тарих сабақтары қоғамдық проблемаларды шешу, әлеуметтік өзгерістер барысында адам мен оның мүдделері ұмыт қалған жағдайда осы өзгерістердің өз мағыналарын жоғалтып, қоғамдық прогреске кедергі болатынын талай мәрте дәлелдеді.

Қазіргі заманда адамның бостандығы басқаша түсініледі. Адамның бостандығы тек белгілі бір әрекеттер жасау және оларды іске асыруда кездесетін кез-келген кедергілерді жоюдан ғана құралмайды. Адамның бостандығы көрініс табатын маңызды тұстардың бірі-жауапты шешімдерді қабылдау екендігі. Бұл адамның санасы мен мәдениеттің даму деңгейінің аса жоғары болуын қажет етеді.



Қазақстан Республикасын адам және азамат құқығын құрметтеп сый лайтын мемлекет ретінде айқындайтын бірденбір белгі – Қазақстан аумағын мекендейтін халық мүддесінің мемлекет мүддесінен үстем тұруы, оған басымдылықтың берілуі.

Конституцияның 12-бабына сәйкес Қазақстан Республикасында адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі. Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге ту мысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады.

Адамның жеке азаматтың өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруда басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбауға, конституциялық құрылыс пен қоғамдық имандылыққа нұқсан келтірмеуге тиіс. Адам құқықтары қоғамдық қатынастармен тығыз байланыста болады және соған байланысты арнайы топтарға жіктеледі.



Адам құқықтары қоғамдық қатынастармен тығыз байланыста болады және соған байланысты арнайы топтарға жіктеледі. Заң ғылымдарының докторлары Сәкен Өзбекұлы және Өмірәлі Қопабаевтың 2006 жылғы «Жеті жарғы» баспасында шыққан «Мемлекет және құқық теориясы» оқулығында олар былай жіктеледі:

Жеке
құқықтар мен
бостандықта
р

Саяси
құқықтар мен
бостандықта
р

Әлеуметтік-
экономикалық
және мәдени
құқықтар мен
бостандықтар

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы азаматтардың жеке құқықтары мен бостандықтарын демократиялық сипатта жариялайды және «адам және азамат» деген тарауда нақтылы сипатталған.


а) Өмір сүру құқығы (15бап) «Әркімнің өмір сүруге құқығы бар. Ешкімнің адам өмірін қиюға хақысы жоқ».

б) Әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар (13бап). Жеке адамның заң қорғайтын құқықтары мен бостандықтарына, мүдделеріне қол сұғылған жағдайда сот арқылы қорғалады.

в) Қажетті қорғану құқығы (13бап). Әрбір адам және азамат заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдерді қолданып, қорғануға құқығы бар. Атап айтқанда, жеке меншікті, өмірін, денсаулығын.

г) Әркім өзінің жеке басының бостандығына құқығы бар (16бап). Қазақстан Республикасында соттың санкциясыз ешкімді қамауға алуға немесе тұтқындауға жол берілмейді.

д) Адамның қадірқасиетін қорғау құқығы (17бап). Мемлекетте еш бір азаматты азаптауға, оған қарсы қатыгездік, зорлықзомбылық жасауға тыйым салынады. Мұндай әрекетке барғандар заң алдында қатаң жауапқа тартылады және т.б.



Саяси құқықтар мен бостандықтар

а) Сөз бостандығы құқығы. Әркім заң жүзінде тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін ақпарат алуға және таратуға құқылы (20бап).

б) Қазақстан Республикасының азаматтары бейбіт әрі қарусыз жиналуға, жиналыстар, митингілер мен демонстрациялар, шерулер өткізуге және тосқауылдарға тұруға құқығы бар (32бап).

в) Азаматтар мемлекеттік органдарын сайлауға және сайлануға, референдумға қатысуға, мемлекеттік қызметке кіруге құқығы бар (33бап).

г) Бірлесу бостандығы құқығы (23бап). Азаматтар өздерінің алдына қойған мақсаттарын, мүдделерін іс жүзіне асыру үшін партиялар, кәсіподақ, қоғамдық ұйымдар құруға құқылы.



Әлеуметтік-экономикалық және мәдени құқықтары мен бостандықтары

а) Жеке меншікке ие болу құқығы (26бап).

Конституция бойынша жеке меншік пен мемлекеттік меншік тең дәрежеде қорғалады (6бап).

б) Әрбір азаматтың еркін кәсіпкерлікпен шұғылдануға құқығы бар. Бұл қызмет тек «заң тыйым салмағанның бәріне рұқсат» шеңберінде жүзеге асуы тиіс.


в) Қазақстан Республикасының азаматы еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауға құқығы бар (24бап).

г) Демалуға (24бап), денсаулығын сақтауға (29бап), жасы келгенде, мүгедек болғанда, асыраушысынан айырылған жағдайларда жалақы немесе зейнетақы, жәрдемақы алу ларына (28бап), неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғалуында болуы (27бап) құқықтары.

д) Азаматтардың білім алу құқығы (30бап).

Мемлекеттік оқу орынындарында тегін білім алу конкурстық негізде болады.

е) Ана тілі мен төл мәдениетін пайдалану құқығы (19бап).



Адам құқықтарымен қатар мемлекет жеке адамдарға арнайы құқықтық міндеттер де жүктейді. Құқық міндет сіз болмайды. Қазақстан Республикасының Конституциясы жеке азаматтарға мынадай міндеттер жүктейді:

а) Әркім ҚР Конституциясын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадірқа сиеттерін құрметтеуге міндетті (34бап).

б) Әркім Республиканың мемлекеттік нышандарын құрметтеуге міндетті (34бап).

в) Заңды түрде белгіленген салықтарды, алымдарды және өзге де міндетті төлемдерді төлеу әркімнің борышы әрі міндеті болып табылады (35бап).

г) Қазақстан Республикасын қорғау – оның әрбір азаматының қасиетті парызы және міндеті (36бап).

д) Қазақстан Респуб ликасының азаматтары тарихи және мәдени мұралардың сақталуына қамқорлық жасауға, та рих пен мәдениет ескерткіштерін қорғауға міндетті (37бап).



Қазақстан Республикасының Конституциясындағы адам және азамат құқықтары мен бостандықтарын саралап, қорытындылай келе, бүкіл халықтық республикалық референдумда қабылданған Ата Заңымыз Конституция халықтың ерікжігерінің айқын көрінісі болып табылады. Республиканың негізгі құжатының қабылданғанына 20 жыл толғанымен, Конституция өзінің маңызын, актуалдылығы мен мүмкіндіктерін (қайнар көздерін) жоғалтқан жоқ және де жақын аралық та өз маңызын жоғалтпайды. Бірақта заман қарқыны үдегендіктен, қоғамдық құқықтық қатынастар күрделенеді және жаңа қатынастар пайда болады, сол себептен Конституцияға өзгерістер мен толықтырулардың енгізілуі заңдылық болып табылады.

Назарларыңызға
рахмет!!!

